

TIMSS, PISA НӘТИЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Жандос Абдазимович Байзаков

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы (PhD)

АННОТАЦИЯ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше.

Кілтгі сөздер: білім беру, бақылау-бағалау, сауаттылық, ойлау, интерпретация, мәтін, жағдаят, сұрақ.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПОВЫШЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ОСНОВЕ РЕЗУЛЬТАТОВ TIMSS, PISA

АННОТАЦИЯ

Каждый предмет учебной программы играет важную роль в развитии функциональной грамотности учащихся. В частности, особое место занимают казахский язык и литература.

Ключевые слова: образование, оценка, грамотность, мышление, интерпретация, текст, ситуация, вопрос.

MAIN DIRECTIONS OF INCREASING THE FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS BASED ON THE RESULTS OF TIMSS, PISA

ABSTRACT

Each subject of the curriculum plays an important role in the development of students' functional literacy. In particular, the Kazakh language and literature occupy a special place.

Keywords: education, assessment, literacy, thinking, interpretation, text, situation, question.

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек». Ш.М.Мирзияев.

Елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға зор мүмкіндіктер бар. Функционалдық сауаттылық - бұл, білім мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы біріккен, жеке тұлғалық қалыптасуының көрсеткіші. Өсіп келе жатқан ұрпақтарының ой-өрісін дамыту мақсатын алға қойған Өзбекстан дамыған елдердің қатарына қосылма.[1]. Осы тұста, оқушылардың білім сапасына ауқымды бағалау мен талдау жүргізетін халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерін негізге ала отырып қарастырайық.

Еліміздің халықаралық зерттеулерге қатысуы не береді?

- Білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформалауға;
- Өзбекстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігімен бірігуіне;
- Білім беру мазмұнын жаңартуға, білім беру сапасын бақылаудың өзбекстандық жүйесін құруға;
- Ұлттық кадрлардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу кезінде сонымен қатар бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Бұл жиынтық сұрақтар арқылы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудан бастап, отбасында баланың дамуына қажетті жағдай жасауға кешенді баға беру болып табылады.

Білім саласында өзінің ерекшеліктерімен әлемдік деңгейде мойындалған бірнеше халықаралық жобалар бар. Соның ішінде, білім жүйесінің танымал сарапшылардың баға беруі бойынша объективті елдерден тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері елімізде өткізілуде. [2].

PISA (Program for International Student Assessment) халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын Адам дамуының индексі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл зерттеу оқушылардың білімдерін 3 бағытта (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы) бағалайды.

Елімізде білім беру жүйесін жаңарту бағытында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Әлемдегі тәжірибені қолдануға бағыт алып, өзбекстандық білім беру жүйесі жана мазмұнға бет алды. Білім беру жүйесіндегі педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша. Педагог білім беру үрдісін жаңартудағы

басты тұлға болып табылады. Сапалы білімге алып келетін оқыту қандай болу керек? Оқушылардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін аша білетін педагог қандай болуы тиіс? Бүгінгі күні бұл сұрақтар тек қана мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар білім жүйесінің қызметкерлерін де мазалайды. Мұғалімдердің көп бөлігі сабақта ақпаратты тасымалдаушы рөлін атқарып келеді. Қазірде сабақты ұйымдастырудың схемасы – мұғалімнің жаңа материалды тек қана түсіндіруі, оқушы үшін жеткіліксіз және тиімсіз. Себебі, оқушының оқу процесіне белсенді қатыспайтынын қалыптастырмайды (пассивті тыңдаушы). Сондықтан, қазіргі таңда - оқушының рухтандыру қабілетін және оқуға ынтасын арттыру өте маңызды. Осындай технологияларды пайдалану үшін әр бір педагог өз кәсіби деңгейін арттыру керек. Осы тұрғыда біліктілікті арттыру жүйесі бастау алды. Білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында және әлемдік тенденцияға сәйкес көпвекторлы бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, біліктілікті арттырудың цифрлық білім беру ресурстары дайындалған[1].

Педагогтарға функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған оқу-әдістемелік құралдардың кейбіреуін атап өтсек. «PISA халықаралық зерттеуі», «TIMSS халықаралық зерттеуі» және «PIRLS бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» - әдістемелік құралдарында - математика мен жаратылыстану және оқу сауаттылығы туралы маңызды мәліметтер берілген. Осы әдістемелік құралдарында құпиялылық режимінен шығарылған тест тапсырмасының үлгілері мен сауалнама сұрақтары қолданылған. PIRLS әдістемелік құралы 2016 жылғы халықаралық зерттеуіне нәтижелі дайындық жүргізу мақсатында кең көлемді педагог қауымына арналған. Аталған оқу құралдары оқушылар және мұғалімдерге, жоғары оқу орындарындағы студенттеріне, білім беру басқармасының бөлім өкілдеріне және білім беру сапасын бағалау сұрақтарымен айналысатын мамандарға арналған[2].

Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Білім алушылардың табысына тигізетін ықпалын бағалау үшін PISA Консорциумы халықаралық емтиханға қатысушылардан отбасының мәдени мәртебесі туралы сұраған. Бұл білім алушылардың жеке бөлмесі мен сабақ оқитын жеке үстелі болуы, білім алуға қажетті компьютердік жасақтамалардың (электрондық оқулықтар) болуы, ғаламторға қолжетімдік, классикалық әдебиет пен энциклопедиялық сөздіктердің, өнер туындыларының (суреттер) болуы туралы сұрақтар.



Ғаламторға қосылған компьютердің болуы мектепте ғана емес, сонымен қатар үйде де, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы маңызды шарттардың бірі болып табылады (қажетті ақпаратты ала білу мен ұсынылған материалдың мазмұнын түсіну қабілеті). Яғни, ғаламторды тек ақпараттық қажеттіліктер негізінде пайдалану қажет. Баланың денсаулығына, психикасына және тәрбиесіне әсер ететін сайттарға шектеу қою керек. Жас ұрпақтың санасын улап жатқан сайттарға шектеу қоятын арнайы қызметтер бар. Мәселен, «Ата-ана бақылауы» қызметі - жағымсыз контенттер ықпалын мейілінше шектеуге және балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Қызметтің негізгі міндеттерінің бірі – қажетті web-сайттар тізбесін әзірлеу болып табылады. Аталған қызмет баланың жас ерекшелігіне қарай қауіпті контенттерге қатынау құқығын шектеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, баланың ой-өрісін кеңейтіп, білім алуына жол ашатын зияткерлік сайттарда жетіп жатыр. Мысалы, қазіргі таңда оқушылар білімнің 90 пайызын ғаламтордан алады деуге болады [3]. Бұл – жылдам, әрі жаңа білім көзі. Сондықтан, тек оны жөнімен пайдалану мәдениетін жетілдіру керек.

XXI ғасыр - қатаң бәсеке дәуірі. Өзбекстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттары білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту және педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру, оқушының өміріндегі отбасының рөлін ескеруді қамтиды.

Жеке тұлғаның одан әрі өз бетінше білім алуы мен дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі оқу сауаттылығы болып табылады. Осы ұғым үш құрамдас бөліктерден тұрады. Ол адамның оқыту барысында оқығанын педагогикалық әрекеттің маңызды бағыты ретінде түсіну қабілеті. Пән мұғалімі жұмысының қолданбалы аспектісі білімгерді қойылған сұраққа толық жауап беру барысында мәтін ақпаратын пайдалануға үйретуі болып табылады. Және одан да маңызды нәрсе – оқушы белсенділігінің басты көрсеткіші ретінде ойлау қабілеті болып табылады. PISA тесті оқу сауаттылығы бағытындағы мектеп түлегінің алған білімі мен дағдыларын шынайы өмірлік жағдайларда табысты жүзеге асыруы үшін қажетті құзыреттіліктерді мектеп білімі сапасын бағалау саласындағы халықаралық сарапшылар тұрғысынан нақты айқындаған. Оқу сауаттылығын бағалау үшін білімгерлерге мәтінде берілген ақпаратты салыстырып көру, автордың ойын білу, жауапты дайындау барысында әлем туралы өз пайымдауына сүйеніп, өз ойын қорғайтын дәлелдер келтіру ұсынылады. Мәтін, жағдаят және сұрақ-оқу сауаттылығын бағалаудың үш негізгі параметрлері болып табылады. Оқу материалдарының диапазоны түрлі

форматтарда берілген-көркем әдебиет пен ғылыми-танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық мәні бар оқиғалар туралы ақпарат, кестелер, кескіндер, сызбалар және карталар. PISA мәтіндерінің ерекшеліктері оларды баяндаудың шынайылығы (өмірден алынған мысалдар). Бұл орайда, зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер де қолданылады.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқушылардың оқу сауаттылықтарын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқу сауаттылығын бағалау барысында үш аспекті есепке алынады:

- оқу материалдарының форматы;
- тапсырманың түрі;
- мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары. Зерттеу барысында мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлері бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және олардың бағасы.

Ұсынылатын мәтіндер үш түрге бөлініп қарастырылады:

- тұтас мәтіндер (көркем әдебиет мәтіндері);
- тұтас емес немесе жадағай мәтіндер (хат, жарнама, диаграмма, кесте, баннердегі жазбалар, хабарлама, хабарландыру, фотосуреттер т.б.);
- аралас мәтіндер (ғылыми еңбектер, автобиографиялар, газет-журналдардағы мақалалар т.б.)

Мәтіннен мәлімет таба білуді бағалау үшін, мәтінді қарап шығып, оның негізгі элементтерін анықтау және сұрақтан гөрі қажетті (синонимдік) форманы бейнелеген мәліметті іздестіру үшін тапсырмалар қолданылады. Оқушылардың мәтінді түсіндіріп беру қабілетін бағалау барысында мәтінде берілген әр түрлі мәліметтерді салыстыру, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау немесе мәтіннің мәнін түсіну ұсынылады[3]. Рефлексияны бағалау үшін мәтіннің мазмұны немесе формасына, оқушы тапсырманы орындау барысында мәтіндегі мәліметті басқа жерден алған білімдерімен байланыстыра білуіне, мәтінде берілген бекітулерді өмір туралы өз көзқарастарымен байланыстырып, дәлелдеулеріне көңіл бөлінеді.

Соңғы жылдары көркем мәтінді интерпретациялау мәселесі түрлі аспектіде тілші педагогтардың назарында

түр. «Интерпретация» сөзінің мағынасы сөздікте «түсіндіру», «түсінік беру», «мағынасын ашу» дегенді білдіреді. Ағылшын және француз тілдерінде «interpret» бір мезгілде «аудару» және өзінше «түсіндіру, талқылау» дегенді білдіреді. Мәтінді интерпретациялау – сол мәтіннің ішіндегі мазмұнды ашу деген сөз. Нәтижесінде, кез келген мәтінді оқу, жалпы кез келген сөзді қабылдау (адам оқығанын немесе естігенін түсінген жағдайда ғана) интерпретациялау болып табылады. Мәтінді интерпретациялау қандай да бір дәрежеде терең, қандай да бір дәрежеде толық болуы мүмкін. Зерттеу қызметі немесе оқу практикасы ретіндегі мәтінді интерпретациялаудың негізгі міндеті мәтіннен барынша мол ақпарат алып, автордың мәтінге жүктеген мазмұнын, сонымен қатар, автордың еркінен тыс жүктелген мазмұнның мағынасын өзі үшін ғана емес, өзгелерге де барынша ұғындыруды көздейді[4]. Көркем мәтін шектеулі кеңістікте тілдің мүмкіндіктерінен едәуір асып түсетін ақпарат көлемін шоғырландырады. Сондықтан да көркем шығарманы интерпретациялаудың мәні көркем мәтінді тұтас бірлік ретінде, сондай-ақ оның әрбір деталі бүкіл шығарманы көрсететін немесе бүкіл шығарма кішкене бір детальда көрініс табатын қандай да бір жүйе ретінде түсіну мен түсіндіруден тұрады. Интерпретация шығарманың тілдік бірліктері семантикасында көрініс тапқан концептуалдық мазмұнының мағынасына үңілуге жол ашады.

Оқу сауаттылығының компоненттері төмендегідей талданады:

PISA бағдарламасының оқу сауаттылығы компоненттері 3 түрге бөлінеді:

1. Жағдаят
2. Мәтін
3. Аспект

Мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың 3 негізгі өлшемі. Оқуға арналған материалдар әртүрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиктер, диаграммалар мен карталар форматында ұсынылады.

1-құрамдауыш – **Жағдаят:**

Жағдаяттың санаттары: жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдаланым үшін оқу (қоғамдық), білу үшін оқу және оқыту үшін оқу.

Жағдаят-тапсырмаларда кездесетін өмірлік оқиғалар. Осыған орай PISA бағдарламасында жағдаяттың қамтылуы:

жеке жағдаяттардың -30%

қоғамдық жағдаяттардың -30%

білім беру жағдаяттарының – 25%

кәсіби жағдаяттардың -15%

Жағдаяттың 4 сипаты бар:

1. *жеке категория* (тұлғаның зияткерлік қызығушылығын қанағаттандыруға арналған мәтіндер, яғни жеке адам туралы зерттеулер, жеке хаттар, биография);

2. *қоғамдық категория* (қоғамның жалпы мәселелері мен қызметке қатысты мәтіндер, ресми құжаттар, іс- шаралар туралы ақпараттар, қоғамдық хабарлар);

3. *білімділік, оқыту категориясы* (ережеге сай, арнайы оқытуға арналған оқулықтағы мәтіндер, ақпаратты жинақтау, білу үшін оқу);

4. *кәсіби категория* (жұмысқа, мамандыққа қатысты мәтіндер, белгілі бір мекемеге байланысты ережелер айтылады).

2-құрамдауыш- Мәтін:

Мәтіннің (формасы) нысаны 4 – ке бөлінеді.

1. **Тұтас мәтін** (көркем әдебиет мәтіндері, репортаж, өлең, пьеса, мақала, жұлдыз жорамал, техникалық мәтін, заң, ғылыми негіздемелер, нұсқау)

2. **Жадағай (тұтас емес) мәтін** (графика, кесте, сурет, диаграмма, жарнама, сканворд, хабарландыру, карта, анкета, құттықтау, комментарий)

3. **Аралас мәтін** (тұтас және тұтас емес мәтіндердің сипатын біріктіреді, авторлық веб – парақтар).

4. **Құрамдас мәтін** (бір тақырып, бірақ әр автордың пікірі, ойы. Мысалы, аққу тақырыбына жазылған әрбір ақынның туындысы немесе әр газеттегі бірдей тақырыпқа жазылған материал және бірнеше тақырыпты қамтитын үзік –үзік мәтіндер).

Мәтіннің (типi) түрі 6 бөліктен тұрады.

1. **Сипаттау** («не?» деген сұраққа жауап береді, ақпаратты көрсетеді, техникалық нұсқау)

2. **Баяндау** (мазмұндау) (қандай? қашан? деген сұраққа жауап береді, роман, әңгіме, пьеса, өмірбаян, комикс, оқиға жайындағы газет есебі)

3. **Түсіндіру**(мазмұндама) (жады үлгісін көрсететін диаграмма, онлайн-энциклопедия жазбасы)

4. **Дәлелдеу** (аргументациялау) (редакторға хат, даулы тақырыпты шешу)

5. **Нұсқау** (инструкция) (қолданудың бағытын көрсетеді, мысалы, рецепт, басқа да нұсқаулар).

6. **Келісім** (бір мақсатқа жетуге бағытталған мәтіндер, хаттар, электрондық хаттар, хабарламалар).

3-құрамдауыш- Аспект:

Үшінші компонент – аспект. Аспектінің өзі бес тармақтан тұрады:

1. Ақпаратты іздеу (мәтіннен тірек сөздерді табу, кодты таңбалау)
2. Кеңінен түсіну (мәтінге жоспар құру, тақырыпшаларға бөлу, ат қою, аннотация, тезис).

3. Интерпретациялауды дамыту. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін ерекше әдіс-тәсілдер арқылы логикалық ойлау дәрежесін дамыту, ықтимал жауап беруге құлшындыру.

4. Мәтін мазмұнын көрсету және бағалау. Мұнда мәтін типтерінің қайсысына жататынын анықтау. Оқиғалы мәтін болса, композициялық құрылымына талдау жасалады.

5. Мәтін формасын (нысанын) көрсету керек. Шығарманың жанрына тоқталу, автордың ойы мен идеясын, тақырыбын ашу, әдебиет теориясына талдау жұмысы жүргізіледі.

Сұрақ және оның түрлері төмендегідей жіктеліп, сипатталады:

Бүгінгі шәкіртке сұрақ мазмұнын түсініп, түйсіну жеткіліксіз. Ол күрделі сұрақтарға толық жауап беріп қана қоймай, қорытынды жасап, оны дәлелдеу және бағалау тәрізді тапсырмалар орындай алуы тиіс. Бұндай құзыреттілік мәтінмен жұмыс істегенде дамиды. Білім берудің нәтижесі болып құзыреттіліктің қалыптасуы саналады, сондықтан түсіну, қолдану мен пайымдау, дәлелдеу, бағалау сипатындағы тапсырмалардың айырмашылығын ажырата алу қажет. Пайымдауға құрылған тапсырмалар идеялар ұсыну, конструкциялау, аргументтер келтіру, негіздемелі тұжырымдар айту т.б. ой операцияларының белсенділігін талап етеді [3].

Сондықтан тұлғаның логикалық ойлау қабілеті мен бағалау біліктілігі қалыптасқан болу керек. Бұл мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Сабақ кезеңіне сай бейнероликтерді көрсетіп, оқушыларға өздерінің ойларын ортаға салдырту да тиімді.

Оқу сауаттылығы бойынша сұрақтардың классификациясы:

1. **Анықтаушы сұрақтар** – өз бойында келтірілген пікірдің шынайылығын немесе жалғандығын ажыратуға бағытталады.
2. **Толықтырушы сұрақтар** – тақырыптарға қатысты жаңа білімді, тұжырымдарды анықтаумен тікелей байланысты. Мұндай сұрақтардың грамматикалық белгілері *кім, не, қашан, қалай, қайдан, неге*, және т.б. сұрау есімдіктері болып табылады.

3. **Өткір сұрақтар** – нақты бір проблемаларды талқылағанда өзекті сұрақтар да қойылады, яғни олар

өмірлік маңызды, өзекті, принципті мазмұнда құрылады. Жалпы, сұрақ-жауап алаңы тиімдірек, өйткені оқушы көбінесе өзінің жаттап алған немесе қысқа жауаптарын айтумен шектеледі. Өз көзқарасын білдіруе, оны бүгінгі күнмен байланыстыра алуға үйрету арқылы тұлғаның өмірлік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға болады.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін оқушыларды белсенді оқыту әдістері арқылы оқыту өз тиімділігін дәлелдеді. Әр түрлі жағдайдағы қызықты, оқиғалы материалды ұсына отырып, балаларға мағынасын түсіну үшін мәтінді зейін қойып оқу, мазмұны бойынша ашық сұрақтар қою, кейіпкерлер орнына жағдаятқа өзіңді қойып көру сынды дағдылар қалыптастыру қажет [4]. Ақпаратты оқу барысында не түсінікті, түсініксіз, қызықты ақпарат, жаңа ақпарат, келісемін, келіспеймін деген белгілер қойып отыруға үйрету, сөз мағынасын мәнмәтінде (контексте) ажырата білу (бейтаныс сөздердің мағынасын болжау) мәтін құрылымын түсіну үшін оқу қарастырылады.

Бүгінде қазақ тілі сабақтары халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, төрт дағдыға бағытталып оқытылады: *тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым.*

Оқылымның түрлі әдістерін қолдану арқылы оқушыларды сауатты оқуға дағдыландыра аламыз:

- көз жүгіртіп оқу;
- нақты ақпаратты табу үшін оқу;
- жалпы идеяны түсіну үшін оқу;
- детальды түрде оқу;
- суретке қарап болжай білу;
- мәтін түрлерін ажырату үшін оқу(хабарлау, мақала, жарнама, сипаттау, т.б.);
- интенсивті оқылым (үлкен, көлемді мәтін);
- назарын шоғырландырып оқу (кейін мазмұнын сыныптасына айтып беретін болған жағдайда);
- мазмұны бойынша талқылау.

Ал, кез келген ауызша немесе жазбаша ақпаратты түсінуін қамтамасыз ету мақсатында сөздерді синониммен алмастыру, сөйлемді немесе бөлімді өз сөзімен қайта жазу (перифраз), сұрақтарға өз сөзімен жауап беру, белгілі бір дәйексөзге өз көзқарасын білдіру, яғни тарқатып жазу сынды тапсырмалар орындату өз жемісін береді. Ең бастысы – осы тапсырмаларды орындау

үшін оқушылар берілген мәтінді зерттеп оқып, мазмұнын жан-жақты талдап үйренеді. Қазіргі жасөспірімдер ақпараттың көптігінен кітап оқығысы келмейді, зейін қойып оқымайды, осы мәселені шешуде мәтінді кодтап оқу өте тиімді әдіс. Бұл жағдайда шәкірттер берілген мәтінді әр түрлі белгі қойып оқиды және өзіне қызықты ақпаратты ! белгісімен, негізгі идеяны беретін сөйлемнің астын сызып қояды. Осы тектес әдістерді үнемі пайдаланған жағдайда оқу сауаттылығын қалыптастыруға әбден болады. Мысалы:

Ыбырай Алтынсарин «Өзен» өлеңі


Таулардан өзен ағар сарқыраған,
 Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
 Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
 Аралап тау мен тасты арқыраған
 Көңілің суын ішсең ашылады,
 Денеңде бар дертінді қашырады,
 Өксіген оттай жанып жануарлар
 Өзеннен рақат тауып басылады.
 Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
 Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

1. Авторы кім? Өлең қандай тақырыпта жазылған?

2. Өлеңде қандай сөз тіркестері қолданған?

Айнадай сәуле –
 Нәжіс тоқтар –
 Оттай жану –
 Тілсіз тоғайлар –

3. Суреттегі өзеннен өздерің көрген, шомылған өзендерден қандай айырмашылығы бар? Ақынның өлеңіне қарап, суреттегі кемшіліктерді толықтырындар.



Өлеңде табиғаттың адам өмірінде атқарар жүгін қалай сипаттаған?

Қорыта айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің

алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады [5].

Оқу сауаттылығына білім алушының жазба жұмыстарды түсінуі және оларға рефлексия жасауы, өзінің мақсаттарына жету жолында олардың мазмұнын пайдалана алуы, білімінің дамуы және қоғамдағы өмірге белсене қатысу мүмкіндігі жатады. Оқығанын өмірлік мақсаттарға қолдана алу түсінігі мен қабілеті бағаланады.

REFERENCES

1. Халқ таълими тизимида таълим сифатини баҳолаш соҳасидаги халқаро тадқиқотларни ташкил этиш чора-тадбирлари тўғрисида вазирлар маҳкамасининг 2018 йил 8 декабрь, 997-сон қарори.
2. 2017-2021 yillarda O'zbekiston Respublikasini rivojlantirishning beshta ustuvor yo_nalishi bo_yicha Harakatlar strategiyasi. O_zbekiston Respublikasi Prezidentining 2017 yil 7 fevraldagi PF-4947 sonli Farmoni.
3. TIMSS-2015 және PISA-2015 халықаралық зерттеулерін ұйымдастыру бойынша басшылыққа алынатын құжаттар. Астана: ҰБСБО, 2014 ж.
4. TIMSS халықаралық зерттеуі әдістемелік құралы. Астана ҰБСБО, 2013ж; PISA халықаралық зерттеуі туралы қысқаша мәлімет. Астана 2011.
5. PISA-2012 15-жастағы білімгерлердің білім жетістіктерін халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Астана: ҰБСБО, 2013 - 293 б.

